**Райымбек аудандық Нарынқол ауылдық округіне қарасты жергілікті қауымдастық жиналысының хаттамасы № 3**

Өткізілген күні, уақыты және орны: 2026 жылғы 15 сәуір сағ. 10.00. Нарынқол ауылдық округінің мәжіліс залы.

Жергілікгі қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны: 13 адам
Қатысушылардың саны: 13 адам (тізімі қоса тіркеледі)

**Ә. Сырғабаев** - жергілікті қауымдастық жиналысының төрағасы
**Г. Кашимова** - жергілікті қауымдастық жиналысының хатшысы

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Райымбек ауданы «Нарынқол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі «Б. Соқпақбаев атындағы жастар саябағы» және М. Мақатаев атындағы саябақтың санитарлық тазалау, көгаландыру әрлеу әктеу, Нарынқол ауылы Ұзақ көшесінің бойындағы алеяның құраған ағаштарының орнына қайтадан жаңа ағаш отырғызу жұмысы бойынша.

## СӨЙЛЕУШІЛЕР:

**1. Шенебеков А. – Нарынқол ауылдық округінің әкімі**

Райымбек ауданы «Нарынқол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі «Б. Соқпақбаев атындағы жастар саябағы» және М. Мақатаев атындағы саябақтың санитарлық тазалау, көгаландыру әрлеу әктеу жұмысын атқару, сонымен қатар Нарынқол ауылы Ұзақ көшесінің бойындағы алеяның құраған ағаштарының орнына қайтадан жаңа ағаш отырғызу үшін Нарынқол ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің бюджетінен 4 млн (төрт миллион) теңге бөлінгенін хабарлаймын.

Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу рәсімін жедел ұйымдастыру мақсатында сатып алу жұмысын бір көзден алу тәсілі арқылы жүргізу ұсынылады. Сондықтан осы жұмысты атқару үшін жеке кәсіпкер таңдауды ұсынамын.

**2. Ә. Сырғабаев – жергілікті қауымдастық жиналысының төрағасы**

**Құрметті ауылдастар!**

БСанитарлық тазалауды жүргізу қажеттілігіне байланысты ЖК «Айзада» таңдайық. Себебі бұл касіпкерді санитарлық тазалау саласында кәсіби және сенімді орындаушы ретінде білеміз. Ол тұтынушылардың оң пікірлерімен, сондай-ақ ұқсас нысандармен жұмыс тәжірибесімен расталған сапалы қызметтерді ұсынып жүрген және барлық техникасы бар уақытылы қызмет көрсете алатын кәсіпкер. Сонымен қатар жоғарыда аталған кәсіпкер Нарынқол ауылының тұрғыны болғандықтан өз ауылының ішіндегі өзіне берілген әр

жұмысты сапалы жасайтындығына сенім білдіреміз.

ЖК «Айзада» санитарлық тазалау саласында оң беделге ие. Берілген тапсырыстарды сәтті жауапкершілікпен орындайды. Жоғарыда айтылғандардың негізінде санитарлық тазалау жүргізу үшін ЖК «Айзада»-мен ынтымақтастық туралы шешім қабылдағанымызды дұрыс деп санаймын. Барлық артықшылықтарды ескере отырып, бұл ынтымақтастық белгіленген мерзімде жұмыстарды орындаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Басқа аймақтардан ұтып алған кәсіпкерлердің қызмет көрсетулері уақыт алады және тиімсіз, уақытылы жұмыстарыды атқара алмай калуы мүмкін. Аталған кәсіпкер Райымбек ауданы «Нарынқол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі «Б. Соқпақбаев атындағы жастар саябағы» және М. Мақатаев атындағы саябақтың санитарлық тазалау, өскен шөптердің уақытылы шабуылуын, көгаландыру әрлеу әктеу және саябақтардың ішінде орналасқан балалар ойын алаңдарының сынғандарын және қоршаулардың сынып бүлінгендерін қалпына келтіреді, сонымен қатар Нарынқол ауылы Ұзақ көшесінің бойындағы құраған ағаштарының орнына қайтадан жаңа ағаш отырғызады.

**2.Стыбеков Нұрлан -қоғамдастық мүшесі.**

Бұл кәсіпкердің жақын ауылда қызмет көрсетуі жеделдігі мен икемділігі бізге маңызды. Кәсіпкердің сұраныстарға тез жауап беру мүмкіндігі бар. Ол әртүрлі жағдайларда объектілерді жедел тазарту үшін өте маңызды деп есептеймін. Мен осы кәсіпкерге беруге ешқандай қарсылығым жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе қауымдастық мүшелері тарапынан бір ауыздан **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

**Қабылдаған шешім:**

1. Райымбек ауданы «Нарынқол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі Б. Соқпақбаев атындағы жастар саябағы және М. Мақатаев атындағы саябақтың санитарлық тазалау, көгаландыру әрлеу әктеу, қоршаулар мен балалар ойын алаңдарының сынып, бүлінгендерін қалпына келтіру жұмыстарын және санитарлық тазалық жүргізу, өскен шөптерді уақылы шабу, сонымен қатар Нарынқол ауылы Ұзақ көшесінің бойындағы алеяның құраған ағаштарының орнына қайтадан жаңа ағаш отырғызу, алеяға көгалдандыру жұмысын жүргізу қажеттілігіне байланысты ЖК «Айзада» таңдалынып берілсін.

**Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы** **Ә. Сырғабаев**

**Жергілікті қоғамдастық жиналысының хатшысы** **Г. Кашимова**

**«Келісілді»**
**Жергілікті**
**қауымдастық**
**жиналысының**
**хаттамасы № 3**

**«Бекітемін»**
**Нарынкол ауылдық округінің әкімі**
**_____А. Шенебеков**
**15 сәуір 2026 жыл**

**Жергілікті қауымдастық мүшелерінің тізімі:**

1. Сырғабаев Әлібек
2. Чоканов Аят
3. Жанбабаев Дәует
4. Уалибаев Маулен
5. Стыбеков Нұрлан
6. Әуелхан Ернат
7. Қабылбеков Мұхтар
8. Талипов Ерлат
9. Умбеталиев Тоба
10. Кенжейов Нұрбосын
11. Тұрбеков Ерке-Булан
12. Ғалиев Еркін
13. Байбұғаев Бауыржан

**Қоғамдастық төрағасы** **Ә. Сырғабаев**

**Қоғамдастық хатшысы** **Г. Кашимова**

**Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт.Өркендеген қоғам» 1 тарау Жаңа экономикалық саясат:- «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек».**

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынға қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды,қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процестері мерзімдерінің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне,сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16 бабы 1 тармағы 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды. Ережелердің 506-бабына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін таңдау негіздемесі келесіге негізделген:

Санитарлық тазалауды жүргізу қажеттілігіне байланысты ЖК«Айзада» таңдалды. Шешім қабылдаудың негізгі критерийлері мыналар болды:

1. Қызметтердің сапасы ЖК «Айзада» өзін санитарлық тазалау саласында кәсіби және сенімді орындаушы ретінде танытты. Ол тұтынушылардың оң пікірлерімен, сондай-ақ ұқсас нысандармен жұмыс тәжірибесімен расталған сапалы қызметтерді ұсынады.

2. Қол жетімділік пен тиімділік таңдаудың маңызды факторы ЖК «Айзада» қызмет көрсетудегі жеделдігі мен икемділігі болып табылады. Кәсіпкердің сұраныстарға тез жауап беру мүмкіндігі бар, бұл әр түрлі жағдайларда обьектілерді жедел тазарту үшін өте маңызды, сонымен қатар уақыттың тығыздығына байланысты.

3. Оң бедел ЖК «Айзада» санитарлық тазалау саласында оң беделге ие, бұл өткен жылдары бірқатар ірі және шағын тапсырыстардың сәтті орындалуымен расталады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде санитарлық тазалау жүргізу үшін ЖК-мен ынтымақтастық туралы шешім қабылданды. Барлық артықшылықтарды ескере отырып, бұл ынтымақтастық белгіленген мерзімде жұмыстарды орындаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, уақыттың тығыздығына байланысты ЖК «Айзада» бір көзден тікелей шарт жасасуды веб-портал арқылы жүзеге асыруды орынды деп есептеймін. ЖК «Айзада» ЖСН 010930600394

Шешім қабылдау үшін енгізілді.

**Ауылдық округ әкімі А. Шенебеков**